



**ПЭТ-КТ**  
ЗЕРТТЕУ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
**КВОТА**  
БОЙЫНША  
ТЕГІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**ПЭТ**  
(позитрондық-эмиссиондық  
томография)  
**ЖАСАУҒА КВОТА  
РЕСІМДЕУ**

Алматы 2018



## ПОЗИТРОНДЫҚ-ЭМИССИОНДЫҚ ТОМОГРАФИЯ -

клиникалық байқалмайтын ісіктерге және бастапқы сатыдағы рак метастазаларына диагностика жасауға көмек беретін зерттеу. Бұдан басқа ол ауру барысын, терапия нәтижесін және тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

**ПЭТ** - барлық бар әдістердің ішіндегі ең дәл әдіс, мұнымен қатар бірқатар дәстүрлі зерттеулердің орнын ауыстыра алады. Бұдан басқа ауыруды қатты сезіндірмейді, адам ағзасына қосалқы зиянды әсері жоқ және ауытқу процестерін ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді. ПЭТ-диагностика жасау кезінде рак клеткалары ауытқуларының өскені басталғанын анықтауға болады. Зерттелетін адамның ағзасына адамға зиянсыз аз ғана радиоактивтік зат енгізіледі, ол қанмен тіндер бойына таралады.




Қазақстанда ПЭТ зерттеу Астана қ. Сығанақ к-сі, 2, мекенжайында орналасқан Республикалық диагностикалық орталықта квота бойынша жүргізіледі.

## КВОТАНЫ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

Зерттеу және квотаны ресімдеу үшін мынадай зертханалық зерттеулер жүргізу қажет:

- ◆ қанды биохимиялық талдау
- ◆ қанды жалпы талдау
- ◆ несепті жалпы талдау
- ◆ ЭКГ және кардиолог жазуы (балалар жалпы наркозбен зерттелген жағдайда қажет)

Талдаулар **10 күн** ішінде жарамды.

ПЭТ-зерттеуге жазылу  **8-7172-701550** телефоны бойынша жүргізіледі.

Белгіленген күнге дейін шамамен 9 күн бұрын қажетті талдаулар жасалады. Талдаулар нәтижелері алынғаннан кейін квота ресімделеді (педиатр, учаскелік дәрігер, онколог дәрігер арқылы және тікелей квота ресімдеу бөлімінде). Квота шамамен 3-4 күн ішінде ресімделеді.

Зерттеуге дейін бір күн бұрын ПЭТ бөлімшесінде қабылдау уақытын нақты білу қажет.

## ЗЕРТТЕУДІ ЖҮРГІЗУ:

Бөлімшеде ауруға киім ауыстыру ұсынылады, ол сол жерде беріледі. Балаға ауыстыратын аяқ киімді өзімен бірге әкелуге болады. Содан кейін емделуші ресімдеу рәсімінен өтеді.

ПЭТ-зерттеу жүргізілетін бөлмеде ауруға ұялы құрылғыларды өшіруге өтініш жасалады және күту бөлмесіне өту ұсынылады, онда емделуші 20 минут отырып, демалып, тынышталуға тиіс. Бұл түсірілімнің сапалы болуы үшін қажет. Бұдан кейін зерттелетін адамның күре тамырына радиофармпрепарат егіледі және зат ағза тініне тарағанша тағы да жарты сағат тосады. Бұдан әрі ПЭТ-сканерге өту ұсынылады.

Бүкіл зерттеу рәсімі ресімдеуді қоса, шамамен 3-4 сағат алады.

Зерттеуден кейін нәтижелерін бөлімше меңгерушісі дәрігерден тікелей алуға болады немесе электронды почта арқылы 2-3 жұмыс күні ішінде жіберілуі мүмкін.